



БІЛІМ

«БІЛІМ. ТӘЖІРИБЕ. ЖЕТІСТІК»

Дүние мың құбылса да, адамзат тірі тұрғанда маңызын жоймайтын мамандықтың ұлысы – ұстаздық қызмет. Сол ұлы мамандықты жас ұрпақтың бойына сіңірген Г.Оразбекқызы шәкірттерін шыңға шығарып, олардың биік белестерді бағындыруына атсалысып қана қоймай, оқушылардың барлық жетістіктерін, шығармашылық жұмыстарын жинақтап, «БІЛІМ. ТӘЖІРИБЕ. ЖЕТІСТІК» тақырыбында фото-альбом кітабын жарыққа шығарды.



барлығымыз үшін ортақ қуаныш. Сондай жетістіктердің бірқатары мектеп мұғалімі Г.Оразбекқызының тікелей маңдай терін сарп ете отырып, жетекшілік етуімен келді. Мұның барлығы–талапты ұстаз бен талантты шәкірт еңбегінің нәтижесі», -деді. Мерейін асырып, кітаптың тұсаукесеріне жиналған көпшілікке алғыс айтқан Г.Оразбекқызы «Бүгін Ж.Дүйсенбаева мен Ж. Мамаеваның ұсынысымен, мектеп басшылығының ықпалымен «Білім. Тәжірибе. Жетістік» жинағы жарыққа шықты. Жанбибі апай маған: «Гүлжанат, айналайын, жетістіктерің бар ғой, тынымсыз еңбек етудесің. Осы жұмыстарыңды жинап, кітап етіп шығарсаң қайтеді?» «Нең

бар?» дегенде көрсететін дәлелің осы болмақ. Бір жағынан бұл оқушылардың шығармашылығы. Олар әр жерде қалып қоймауы тиіс!», - деген болатын. Ойланıp осы кісінің қадағалауымен мектеп ашылғаннан бергі оқушылармен жүргізген әртүрлі форматтағы шығармашылық жұмыстарымды жинай бастадым. 30-50 бет болатын шығар деп едім, жоқ, 230 беттік альбом кітап жарыққа шықты. Ал бұл кітапта 24 оқушының аты аталып, еңбегі енді. Бүгінде ол оқушылардың алды – студенттер. Ия, «Бұлақ көрсек, көзін аш» деген менің титтей еңбегімді аспандатып жатқандарыңыз үшін сіздерге алғысым зор», -деп өзіне жол көрсеткен аға буын ұстаздарға ыстық ықыласын білдірді. Кештің арнайы қонағы болған, филология ғылымдарының докторы, профессор Ж.Дүйсенбаева мен педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент Ж.Мамаева және анасы, дарынды балаларды дүниеге әкелген ақ жаулықты аналар алып Г.Оразбекқызына жүрек жарды тілектерін арнады. Құттықтау сөздерден кейін «БІЛІМ. ТӘЖІРИБЕ. ЖЕТІСТІК» атты кітаптың лентасын мектеп басшысы Ж.Қабылқақова қиды. Шара өз деңгейінде жалғасып мектеп оқушылары жауһар жырларымен кештің сәнін келтірді.

М.ЖЕБЕКЫЗЫ.



Құрметті оқырмандар!

Біздің қазақ халқына Ұлы Алла о бастан теңдесі жоқ сыйлықтар берген. Соның бірі - даналық. Мен өзім атам қазақ, дала қазақ, дана қазақ деп айтып жүремін. Өзімнің «Ізгілікті өсиеттер» атты жинағымда да осылай атағанмын. Біздің қазақ халқының даналығы ерекше. Сондай даналықтың бірі бұрынғы ата-бабаларымыз адам бойындағы меңіне қарап, қадір-қасиетін, мінез-құлқын тағдырын сипаттап, болжап отырған. Әрине, ол топшылаудың барлығы жүз пайыз түгелдей келіп отырды деп айта алмаймын. Бірақ, көп жағдайда топшылап, болжап айтқандары сәйкес келген. Сондықтан әйел және ер адам бойындағы меңнің орналасуы бойынша айтылатын сипаттарды газет бетіне жұмбақ етіп жариялауды жөн көрдім. Өйткені, адам танудағы ғылымның бұл да бір саласы. Бәріңе сәттілік тілеймін!

ӘЙЕЛДЕРДІ МЕҢІНЕ ҚАРАП ТОПШЫЛАУ

1. Әйелдердің меңі сол жақ қасында болса, не болады?
2. Әйелдердің меңі оң жақ қасында болса, не болады?
3. Әйелдердің көзінің айналасына мең бітсе, не болады?
4. Әйелдердің меңі оң жақ бетіне бітсе, не болады?
5. Әйелдердің меңі сол жақ бетіне бітсе, не болады?
6. Әйелдердің меңі құлақтарына бітсе, не болады?
7. Әйелдердің меңі мұрындарының ұшына бітсе, не болады?
8. Әйелдердің меңі еріндеріне бітсе, не болады?
9. Әйелдердің меңі үстіңгі ерніне бітсе, не болады?
10. Әйелдердің меңі астыңғы ерніне бітсе, не болады?
11. Әйелдердің меңі төсіне бітсе, не болады?
12. Әйелдердің меңі оң жақ төсіне бітсе, не болады?
13. Әйелдердің меңі сол жақ төсіне бітсе, не болады?
14. Әйелдердің меңі білектеріне бітсе, не болады?
15. Әйелдердің меңі жіліншігіне бітсе, не болады?
16. Әйелдердің меңі сол жақ жақтарында болса, не болады?
17. Әйелдердің меңі оң жақ шықшыттарына бітсе, не болады?
18. Әйелдердің меңі маңдайына бітсе, не болады?
19. Әйелдердің меңі оң жақ маңдайына бітсе, не болады?
20. Әйелдердің меңі сол жақ маңдайына бітсе, не болады?

Құрметпен, шетпелік Шаймұрза Жаңаұлы!

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Тепке» ЖШС келісім-шарт аумағындағы Х. Өзбекғалиев кен орнында ЖТНӨ-ЗД далалық сейсмикалық барлау жұмыстарын жүргізудің техникалық жобасы», жобалық құжаттамаларға экологиялық рұқсат алу, қайта қаралған экологиялық бағалау материалдары (ҚОҚБ, ЖБШНЖ, ҚББ, ӨЭББ, ҚОҚШЖ) бойынша 05.07.2023 жыл сағат 11.00-де Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы, Сайөтес а.о., Сайөтес а., Орталық к-сі 1 үй, әкімдік жанындағы мәдениет үйінде қоғамдық тыңдау өтетіндігін хабарлайды. Жобалық құжаттама бірыңғай экологиялық порталында <https://ecportal.kz/> және жергілікті мемлекеттік органның <https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco?lang=kz> сайтында танысуға болады. Төтенше жағдай немесе шектеу іс-шаралары (карантин) енгізілген жағдайда қоғамдық тыңдаулар онлайн режимінде өткізіледі: - Онлайн конференцияға сілтеме: <https://us05web.zoom.us/j/81874657963?pwd=QmgveEgvaENOT3pzdEZDYjFkZUpuQT09>, **конференция идентификаторы: 818 7465 7963, кіру коды: 8CSQsR** Барлық ескертулер немесе ұсыныстар мына мекен жай арқылы қабылданады: - <https://ecportal.kz/> - Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы, g.tulembet@mangystau.gov.kz, тел: 8-7292-43-10-88. Жоспарланған іс-әрекеттің бастамашысы: «Тепке» ЖШС, Маңғыстау облысы, Ақтау қ-сы, 12-ш/а, 79/1 ғимарат, 203-кеңсе. БСН 071140024759, тел. 8-702-400-40-10. Жобалық құжаттамаы әзірлеуші: «Азимут Энерджи Сервисс» АҚ, Алматы қ.,... Атырау ш/а , 3 үй, телефон: (87272) 59-66-66. БСН 960440000548. Қосымша ақпаратты эл. пошта арқылы алуға болады: z.bessimbayeva@tepke.kz, тел. 87024004010.

№242

МҰРАГЕРЛЕРІН ІЗДЕУ

Нотариус Дербисова Г.А. «23» маусым 1999 жылы қайтыс болған азамат(ша) ҚОЖАМБЕТОВА САРАНЫҢ мұрагерлеріне іздеу салады. Барлық мұрагерлеріне осы хабарлама шыққан күннен бастап бір ай мерзім ішінде Маңғыстау ауданы, Шетпе селосы, Орталық кеңсеге хабарласуыңызды сұрайды. Тел: 872931/2-23-71. +7 702 777 24 41.

№240

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАНДАР!

«Жаңа өмір» газетінің 2023 жылдың 18 мамыр күні №20 және 25 мамыр күні №21 сандарға шыққан салт-дәстүр жөніндегі жұмбақтарға өз жауабымды ұсынамын



151. Бақан аттаған байымайды.
152. Үйде еркек кіндік болмаған жағдайда әйел адамның бақанға мініп тұрып, бісіміп-лә деп айтып малды бауыздауына болады.
153. Ырыс кетеді.
154. Сол жағына құрса неке баянсыз.
155. Отағасы өледі деп. Сондықтан амалсыз ашуға тура келсе сандыққа жылан кіріп кетті деп ашады. Ұрылар жамандық жасамасын.
156. Көрпе-жастыққа сайтан кіреді. Адамға жамандық тілейді, жиналмаған төсек жаугершілікті еске түсіреді. Төсек жиналмауы әйелге сын.
157. Қара шаңырақ немесе ақсақалы бар үйдің төріне отырмайды үлкен адамның киесі ұрады.
158. Халық ұғымында адал бақан қасиетті таза мүлік болып есептеледі. Ол қыздың жасауына енеді. Бөгде адамға тарту етілмейді.
159. Жолын сарғайтып, зарықтырмасын. Тұздай ащы азап тартылмасын деп.
160. Күл төккеннің жолы кесіледі. Жолмен жүргендерге дерт жабысады.
161.
162. Пайғамбарлардың басындағы ауыр жағдайлар сейсенбі күні болғандықтан
163. Кәрі жілік-жабыса біткен жанама сүйегі бар, қолдың қарында болатын сүйек. Жанама біткен сүйегін қары жіліктің қамшысы, құрығы, ілдіргесі (іلمек біздің ұшында жіп іліп алуға қолайлы ілмегі болады, оны ілдіргі деп атайды. Ілдірге қармақ, қадамшы, шаншар, шөңгек, шөп суырғыш сияқты құрал-саймандарда да кездеседі) деп атайды. Кәрі жілік - мал етіндегі жіліктің басты бөлігі. Қазанға ет салғанда алдымен «бісіміллә» деп кәрі жіліктен бастап салады. Себебі кәрі жілік қасиетті болғандықтан, еттің бәрін ұстап тұрады деп есептеген. Оны шақпайды, құда табаққа салмайды, Кәрі жілікті қонаққа, бөтен, жат адамға емес, керісінше «ағайын мінемейді» деп ауыл адамдарының табағына салған, яғни ол ағайын арасының, отбасы мүшелерінің сыбағасы ретінде бамдамдалды.
164. Кәрі жілік қонақ табағына салынса, құт сол адамға, бөгдеге кетті деп ырымдайды. Егер абайламай салынып кетсе, қонаққа білдірмей тығып алуға тырысады. Өйткені ол ырыс-құт бұйырып тұр деп ырымдаудан туындайтын салт бойынша жасалады. Кәрі жілікті қазақ өсіп келе жатқан қыз балаға «оң жақта отырып қаласың» деп ұстатпаса, «сұр бойдақ боласың» деген сенім бойынша байдақ жігітке де бермейді. Халық түсінігінде кәрі жілікті үй босағасына мал аман болады, үйді, малды ұры-қарыдан, пәле-жаладан сақтайды деп осы сүйек арасындағы тесігінен ши өткізіп, құрық ұстаған жылқышы тәрізді етіп іліп қояды.
165. Сонда келін тез босанады.
166. Жер ана қуат бер деп
167. Жаңа ай туғанда түскен келін
168. Ұрпақты көп болады.
169. Несібесі көп дастарханы мол болсын деп үйдің босағасын маймен майлайды.
170. Ұл табуын қалап, оған алғашқы сойылған малдың ұлтабарын жегізеді. Қару-жарақ шалбар жасанады.
171. Үйдің бір адамы күйікке шалдыққанда.
172. Шамды үрлеп сөндірмейді.
173. Аяғы ақсақ болады.
174. Бала көтермей қояды.
175. Малдың басы өспейді.
176. Ұзатылатын қызға - ағаларының жастарды қонаққа шақырып кешін өткізіп беретін үй.
177. Уақытша баспана атауы. Байырғы ортада бойжеткеннің ұзатылуына алты ай қалғанда жеке тігіліп, қызды бір жеңгесімен бөлек шығаратын ғұрыптың атауы. Сол үйде

- отбасылық өмірге үйрене бастайды.
178. Отырып қалған қызы бар үй.
179. Үйдің берекесі қашады келін баянды болмайды деп жориды.
180. Үйдің құты болсын деп отбасына ошақ түбіне көмеді.
181. Үй күшік болмасын деп алысқа лақтырады.
182. Жақсылық пен бақыттың белгісі
183. Бүркіт бағылатын үйге жың шайтан жоламайды. Қыранның ісі теріс пығылдылардың делебесін басады.
184. Көші-қон болады. Үй жығылып жүк теңделеді.
185. Ата-баба әруағы үйдің табалдырығында. Осыған орай табалдырықтың мәні ерекше. Үйге бірінші рет кірген кез - келген адам міндетті түрде табалдырыққа сәлем береді. Мәселен күйеудің үйін бірінші рет аттаған қалыңдық үйдің табалдырығына иіліп сәлем етеді.
186. Бойы өспейді.
187. Тек қана кеш-жарық. Сайтан түн ішінде періште бейнесіне еніп төрде отырады. Сәлем берсең аузың қисайып ауруға шалдығасың.
188. Киіз үйдің есігін үйіне қарай лақтыруға болмайды. Есіктен бақ - бақыт та, сор мен қайғыға кіреді. Есікте кие болады. Жау шапқанда ғана есікті үйдің үстіне түре лақтырады.
189. Душпанның үйіне жеп кір. Достың үйінен жеп шық. Тамақ шайнап кіріп келе жатса аузындағысын босағаға тектіретеді. Қан түкіріп деп жамандыққа балап назаланады.
190. Әкесіне наразы болып өлім тілеп. Зауал әкелгелі жатыр деген жаман ырым.
191. Әкең өліп бауырыңды жерге төсеп жатырысыңба деп қатаң ескертеді.
192. Көктем мезгілінде күннің алғаш күркіреуі. Күн күркіреуі періштенің айқайы найзағай оның оғы. Күннің күркіреуі – қазақтар үшін жақсылықтың басы жаңғырудың нышаны.
193. Алғаш күн күркірегенде отағасы далаға шығып «көк айғыр кісінеді» деп дауыстайды. Әйелдер қолына шөмішті ала салып киіз үйді айнала жүгіріп сабалап сүт мол, көмір аз деп дауыстайды. Босағаға сүт құяды. Молшылық болады деп.
194. Киіз үйді қатты жеп құйын, дауыл құлатпас үшін арнайы жасаған. Құрылғы көлденең байлаған арқанға тіке тартылған төрт арқанды жеке - жеке етіп байлап қазанды бекітеді. Қазанға су құяды. Су құйылған қазан шаңырақты төмен басып тұрады.
195. Шөлейт далада, сортаң жерде өсетін ұлы өсімдік итсигекті емдік мақсатта дайындау үшін қолданатын тәсіл. Итсигектің уын дайындау үшін шілде түскен соң көктеп шыққан итсигекті қазан төңкеріп кетіп, күзеуге түскенде аударады.
196. Әзіл-қалжыңы жарасқан, көңіл жетер, силас, жасы қарайлас адамдардың басында бас қосып қысқы кеште-көңіл көтеру, қазан шегелеу ғұрпы. Қара күздің аяғы қыстың бастапқы айларында өтеді.
197. Ертедегі салық түрі. Қазан асарда біреудің қара жайына, мал - жанымен қонғаны үшін үй иесіне төлейді. Төлемесе бұрын екі жақ өзара келіседі.
198. Көші-қон кезінде біреудің өрісін, жайылымын басып өтіп аялдап қалған жағдайда төлейтін жер иесіне салық түрі.
199. Қара күзде, қар түспей тұрып қысқы соғымның алдында, сойылатын мал. Қазан асқа байланысты ел ішінде қараша қауыс кәрі - құртанды жеп тауыс деген, сөз бар.
200. Күнде - Бау.

Азибек БАҚТЫБАЕВ,
зейнеткер.

АҒА РАЙЫ БОЛЖАМЫ			
1 маусым түнде: +23 күндіз: +32			
2 маусым түнде: +19 күндіз: +31			
3 маусым түнде: +19 күндіз: +32			
4 маусым түнде: +22 күндіз: +34			
5 маусым түнде: +23 күндіз: +34			

МЕНШІК ИЕСІ: MAŃGYSTAÝ MEDIA Директор Гүлмира ӘБИШЕВА Қабылдау бөлімі, тел./факс: 20-48-34, mangystau.media@mail.ru	Жаңа ӨМІР аудандық қоғамдық-саяси газет Редактор – А.РАХМЕТОВА Тілші – М.ЖЕБЕКЫЗЫ Э.АМАНГЕЛДИН Газет «Маңғыстау-Медиа» ЖШС Ақпарат және дизайн орталығында беттелді. Беттеуші дизайнерлер – Э.СЕЙДАХМЕТОВА Асем РАБАЕВА	Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 6.02.2013 ж. есепке қойылып, №13356-Г куәлігі берілген. “Атырау-Ақпарат” ЖШС баспаханасында басылды. 060005, Атырау қаласы, Ж.Молдағалиев көшесі, 29А. Тел: 8 7122 458-660, 586-392. Тапсырыс нөмірі: 0587 Таралымы: 636 Индекс: 65612 газет бағасы келісімді	■ Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасы болып есептелмейді. ■ Жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. ■ Жарнама, хабарландырулар мазмұнына редакция жауап бермейді. ■ Редакцияға жолданған материалдарға рцензия жасалмайды және қолжазба авторға қайтарылмайды. ■ Тақырыптық суреттер ғаламтордан алынады.
---	--	---	---